

Атырау қаласының құрамдас бөлігіне атау беру туралы

Атырау облысы әкімдігінің 2019 жылғы 15 наурыздағы № 43 бірлескен қаулысы және Атырау облыстық мәслихатының 2019 жылғы 15 наурыздағы № 303-VI шешімі. Атырау облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 19 наурызда № 4349 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңының 11-бабына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6 және 27-баптарына сәйкес, Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Республикалық ономастика комиссиясының 2018 жылғы 21 желтоқсандағы қорытындысы негізінде Атырау облысы әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** және VI шақырылған Атырау облыстық мәслихаты кезекті ХХІХ сессиясында **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫҚ**:

1. Атырау қаласы Самал шағын ауданындағы № 12 көшеге Адгам Каримовтің есімі берілсін.

2. Осы бірлескен қаулы мен шешімнің орындалуын бақылау Атырау облысы әкімінің бірінші орынбасары С. Шапкеновке және Атырау облыстық мәслихатының заңдылықты сақтау, депутаттық этика және құқық қорғау мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясының төрағасы А. Абдоловқа жүктелсін.

3. Осы бірлескен қаулы мен шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және олар алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі

Н. Ноғаяев

Сессия төрағасы

А. Талтенов

Мәслихат хатшысы

Ө. Зинуллин